

## Жаңа кезең – жарқын болашақ

Кез келген елдің күнтізбесінде қызыл әріппен белгіленетін күндер болатыны аян. Бір халықтың тағдырын айқындайтын, тұтас мемлекеттің соны дәуірге аяқ басқанын білдіретін ерекше күндер де бар. 2026 жылғы 1 шілде дәл сондай тарихи белес ретінде есте қалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйледі. Кеше Қазақстан Республикасының Халық Конституциясы күшіне еніп, тұғырына қонды.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Жолбастар

Бүгінгі Парламенттің қос Палатасының бірлескен отырысының тарихи мән-маңызы айрықша деп айтсақ, дұрыс болар. Бұл дүйім халқымыз үшін де айқын нәрсе, ақиқат. Бүгін біз мемлекетіміздің заң шығарушы органы – Парламенттің кезекті сессиясын аяқтап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірді қорытындылап отырмыз. Осылайша, тереннен тамыр тарқан мемлекеттігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқанымыз, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекеттің бас құжатын Президент пен халық Халық Конституциясы деп атады. Себебі, Ата заң жабық кабинеттерде әзірленбеді. Құнды құжаттың мәні терең мазмұнына миллиондаған қазақстандықтың пайым-пікірі мен тағдыршешті таңдауы алтын арқау болды. 2026 жылғы 15 наурызда өткен референдумда азаматтар Ата заңға өз қолдауын білдіріп, елдің болашағына қатысты маңызды шешім қабылдай білді. Сол сындарлы сәттен бастап 1995 жылғы 30 тамызда қабылданып, отыз жыл бойы тәуелсіз Қазақстанның құқықтық негізі болған бұйрағы Конституция тарихи кінәсуына жол тартты. Ол өз дәуірінің маңызды міндетін атқарды. Алайда уақыт төре тың талап-



тар қойып, мемлекет дамуы жаңа құқықтық жаңғыруды қажет етті.

Иә, кез келген ауқымды өзгеріс дер шағында көтерілген маңызды бастамадан басталады. Бұл конституциялық реформаның негізі өткен күзде қаланды. Сол кезде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұрынғы қос палаталы Парламенттің орнына бір палаталы заң шығарушы орган құру туралы бастама көтерді. Кейін бұл ұсыныс кең ауқымды саяси реформалардың өзегіне айналды. Өз кезегінде Конституциялық комиссия он екі отырыс өткізіп, құжаттың әрбір бабын мұқият зерделеді. Жүздеген құқықтық нормалар қайта қаралып, осы күнге лайық редакция әзірленді. Ең бастысы, бұл жұмыс қоғамнан әсте оқшау жүргізілген жоқ. Өткен жылдың қазан айынан бастап әрбір азамат eGov және e-Otinish порталдары арқылы өзінің өміршең ұсынысын енгізуге мүмкіндік

алды. Сонымен қатар, парламенттік реформаны әзірлеумен арнайы сарапшылар тобы айналысты. Азаматтық қоғамның ұсыныстары мен кәсіби құқықтық сараптама өзара тоғысып, 2026 жылғы 12 ақпанда бүкілхалықтық талқылауға ұсынылған Конституция жобасы дүниеге келді.

– Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін. Былтыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысында мен толыққанды e-Parliament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте әлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді. Енді Электрондық Парламентті қалыптастыруға және дамытуға көп күш-жігер жұмсауымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

### Халық еркі

– Шын мәнінде, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасады. Сол себепті, мен жаңа конституциялық орган – Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым. Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді, – деп баса белгіледі Президент.

Еліміздегі саяси реформалардың кезекті кезеңінде қоғамдық келісім мен халықтың пікірін ескеруге қатысты маңызды өзгеріс ұсынылды. Бұған дейін Қазақстан халқы Ассамблеясының құзыретінде болған бірқатар қызмет енді жаңадан құрылатын Халық кеңесіне беріледі. Жаңа құрылымның басты ерекшелігі – оның конституциялық мәртебеге ие болуы. Яғни, Халық кеңесі, заңмен бекітілген, мемлекеттік шешімдерді талқы-



лауға қатысатын жоғары консультативтік алаңға айналады. Оның құрамында қоғамның түрлі әлеуметтік топтары мен этностарының өкілдері бас қосып, ел дамуына қатысты маңызды мәселелерді ортақ талқыға салмақ. Бұған дейін әртүрлі деңгейде жұмыс істеген қоғамдық кеңестер мен консультативтік құрылымдардың қызметі бір жүйеге біріктіріледі.

Соның нәтижесінде халықтың ұсыныстары мен бастамалары мемлекеттік шешім қабылдау процесіне тікелей ықпал ету мүмкіндігіне ие болады. Соңғы жылдары жүргізілген саяси реформалардың негізгі нәтижелерінің бірі – халықтың мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуге тікелей қатысу мүмкіндігінің кеңеюі. Мемлекет басшысы реформалардың түпкі мақсаты билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті күшейту немесе мемлекеттік институттарды жаңарту ғана емес екенін атап өтті. Барлық өзгерістің түпкі нәтижесі – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту болуы тиіс.

Алайда, Халық Конституциясының ең басты ерекшелігі мемлекеттік биліктің құрылымынан бұрын, оның құндылықтық негізінде жатыр. Бас Құжатта адамның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде айқын бекітілген. Мұнымен қоса, азаматтардың құқықтық жағдайын нашарлататын немесе жаңа міндеттер жүктейтін заңдардың кері күші болмайтыны нақты жазылды. Әрбір қазақстандықтың құқықтық қорғалуына берілген маңызды кепілдік – осы.

### Ұстаным

– Өздеріңіз қабылдаған Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес еліміздің экономикалық жүйесі толығымен қайта жаңғырды және мемлекет қаржысын басқаруға қатысты ұстаным түбегейлі өзгерді, – деп мәлімдеді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

➤ 2-бет

### РЕСМИ

## Сайлау күні белгіленді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Аида РАХЫМҚҮЛОВА,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарлыққа сәйкес, Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасы мен 95-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға белгіленді.

Құжатқа орай, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы сайлауға дайындық жұмыстарын ұйымдастыруға және оны заң талаптарына сәйкес өткізуге міндетті.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана қаласының, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды жетілдіріп қабылдау тапсырылды.

Жарлықта оның ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енетіні көрсетілген.

Алдағы сайлау Құрылтайдың жаңа құрамын жасақтауға бағытталған маңызды саяси науқан болмақ. Осыған байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар сайлаудың ашық, әділ әрі заң талаптарына сай өтуін қамтамасыз ету бойынша дайындық жұмыстарын бастайды.

Құрылтай депутаттарының сайлауы елдегі конституциялық реформаларды одан әрі іске асырудың маңызды кезеңдерінің бірі саналады. Жаңа құрам қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысып, азаматтардың ұсыныс-пікірін мемлекеттік шешімдер қабылдау барысында ескеруге ықпал етпек.

### ФОРУМ

## Әділетті қоғамның ақ жолы

Қарағандыдағы Достық үйінде елдің құқықтық дамуының жаңа белесін айқындаған, қоғамдық ой мен мемлекеттік саясаттың түйіскен тұсын саралаған аймақтық сарапшылық форум өтті. «Жаңа Конституция – Әділетті Қазақстанның негізі» атты мазмұнды жиын мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты тереңдетіп, құқықтық мәдениеттің жаңа сапалық кезеңіне жол ашқан маңызды алаң ретінде бағаланды.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Залға жиналған қатысушылар арасында аймақ басшылығы, сот және құқық қорғау органдарының өкілдері, мәслихат депутаттары, этномәдени бірлестіктер жетекшілері, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылар қауымдастығы болды. Сонымен қатар, форум жұмысына облыстың барлық қалалары мен аудандарынан онлайн қосылған өкілдер де белсенділік танытты.

Жиынды Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жүргізді.

– Ата Заңның басты құндылығы – адам, оның өмірі, құқықтары, бостандықтары мен қадір-қасиеті. Сондықтан, Конституция – басты құқықтық құжат

әрі әділетті қоғам құрудың, заң үстемдігін орнықтырудың және азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтудың берік негізі. Конституцияның шынайы құндылығы оның қағидаттарының әр азаматтың күнделікті өмірінде нақты жүзеге асуымен өлшенеді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен бірге, өз кезегінде аймақ басшысы форум қатысушыларына «Конституция мемлекетті қалай нығайтады?», «Бұл үдеріске әр азаматтың қосар үлесі қандай?», «Ең бастысы, Конституция қандай құндылықтарды қорғауға тиіс?» деген үш маңызды сауалды ортаға салып, осы сұрақтарға жауап іздеу форум жұмысының негізгі өзегіне айналғанын айтты.

Форум бірнеше негізгі бөлімге бөлініп, әрқайсысы Конститу-



цияның қоғам өміріндегі әртүрлі қырын ашуға бағытталды. Алғашқы бөлімде мемлекет пен заң үстемдігі мәселелері қарастырылып, сот және құқық қорғау

органдарының баяндамалары тыңдалды. Одан кейін азаматтық қоғам мен азаматтық жауапкершілік тақырыбы көтеріліп, қоғам белсенділері мен мәслихат өкіл-

дері сөз сөйледі. Үшінші бөлім отбасы құндылықтары мен әлеуметтік тәрбиеге арналды. Өр кезең форумның негізгі идеясын тереңдетіп, жаңа Конституцияның

адам, қоғам және мемлекет үшін маңызын кешенді түрде ашып отырды.

Форум барысы баяндамалармен шектелмей, мазмұнды бейнероликтермен толықтырылып отырды. Волонтерлік қозғалыс, отбасы құндылықтары, жастар бастамалары және әлеуметтік жауапкершілік тақырыптарындағы бейнежазбалар әр бөлімнің идеялық мазмұнын күшейтіп, талқыланған мәселелерге қосымша мағына берді. Осылайша, әр блок бейне-контентпен «тұздықталып», форумның эмоционалдық және тәрбиелік әсерін арттырып, қатысушыларға тақырыпты жан-жақты қабылдауға мүмкіндік жасады.

Форумның ең басты мазмұндық өзегі – Конституцияның адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын, ар-намысын мен қадір-қасиетін мемлекет саясатының ең жоғары құндылығы ретінде бекітуі болды. Қатысушылар бұл қағидаттың тек құқықтық норма емес, қоғамның рухани-идеялық тұғырына айналғанын атап өтті.

➤ 2-бет

## Жаңа кезең – жарқын болашақ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Экономиканы жаңа үлгіге көшіру – уақыт талабы. Президент ел дамуының келесі стратегиялық бағыты ретінде Қазақстан экономикасын жаңа модельге көшіру міндетін атады. Оның айтуынша, әлемдік экономикадағы өзгерістер мен геосаяси тұрақсыздық жағдайында бұрынғы жұмыс тәсілдері енді күткен нәтижені бере алмайды. Сондықтан, экономиканы басқаруда тың көзқарас пен жаңа шешімдер қажет. Президент халықаралық ахуалдың жылдан-жылға күрделеніп келе жатқанын атап өтті. Әлемде түрлі қақтығыстар мен экономикалық тәуекелдер көбейгенімен, Қазақстан сыртқы саясаттағы теңгерімді бағытын сақтап, тұрақты даму жолынан таймағанын айтты. Бұл ұстаным алдағы уақытта да өзгермеуге тиіс.

Экономикалық көрсеткіштер де оң динамикаға аңғартады. Өткен жылы еліміздің жалпы ішкі өнімі 6,5 пайызға өсіп, әлемдік орташа өсімнен жоғары нәтиже көрсетті. Ал, Қазақстан тарихында алғаш рет жалпы ішкі өнім көлемі 300 миллиард АҚШ долларынан асып, жан басына шаққандағы көрсеткіш 15 мың доллардан жоғары деңгейге жетті. Биылғы бес айдың қорытын-

дысында инфляция 10,4 пайызға дейін бәсеңдегенімен, баға өсімін одан әрі тежеу экономикалық саясаттың негізгі міндеттерінің бірі болып қала береді. Мемлекет басшысы Парламенттің, Үкіметтің және Ұлттық банктің үйлесімді жұмысына да оң баға берді. Дегенмен, қазіргі кезеңдегі ең маңызды экономикалық мәселелердің бірі – Ұлттық банктің базалық пайыздық мөлшерлемесі. Бұл құрал бір жағынан инфляцияны тежеуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан бизнестің несиеге қолжетімділігі мен экономикалық белсенділікке тікелей әсер етеді. Сондықтан, оның деңгейін белгілеуде баға тұрақтылығы мен экономикалық өсім арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет екені айтылды.

### Жаңғырық

Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде өндіріс, ауыл шаруашылығы, тұрғын үй, фармацевтика, инвестиция, энергетика, инфрақұрылым, көлік-логистика, мұнай-газ, цифрландыру, адам капиталын дамыту, медицина әлеуметтік қолдау сынды іргелі стратегиялық маңызы жоғары тақырыптарды кеңінен сөз етіп, парасатты пікірін ортаға ұсынды.

– Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуі – ұлт тағдырына

тікелей әсер ететін тарихи оқиға. Тұғырына қонған Ата заңымыз аса ауқымды қоғамдық-саяси үдерістер кезеңіне жол ашады. Осыған орай, мен бірқатар маңызды құжатқа, соның ішінде Құрылтай сайлауын өткізу туралы арнайы Жарлыққа қол қоямын. Соған сәйкес партиялар арасындағы бәсеке де жандана түседі. Біз жасампаз ел ретінде осы саяси науқанды да жоғары деңгейде өткізуіміз керек. Алдағы сайлауда ашық, адал және әділ бәсеке болуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Конституцияның күшіне енуі барлық заңдардың немесе салық мөлшерлемелерінің бір мезетте өзгеретінін білдірмейді. Мәселен, салық салу тәртібі бұрынғыдай Салық кодексімен реттеледі. Бас құжаттың негізгі міндеті – жекелеген салалық мәселелерді шешу емес, мемлекеттің ұзақ мерзімді құқықтық негізін қалыптастыру. Сондықтан, Ата заң ең алдымен құқықтық тұрақтылықтың, мемлекеттік саясаттың сабақтастығының және азаматтардың құқықтық қорғалуының кепілі ретінде қарастырылады. Бизнес қауымдастығы үшін бұл – инвестициялық шешімдерді сенімді құқықтық ортада қабылдауға мүмкіндік беретін маңызды фактор. Ал, қарапайым азаматтар үшін мем-

лекеттік органдармен қарым-қатынастың түсінікті әрі тұрақты қағидаларының сақталуы, жеке құқықтар мен бостандықтардың қосымша қорғалуы және жанар-тылған өкілді билік арқылы халық мүддесінің тиімдірек қорғалуы деген сөз.

Халық Конституциясының күшіне енуі – жаңа кезеңнің басталуы. Алдағы жылдары заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік институттарды жаңарту және мемлекеттік басқару жүйесін заман талабына бейімдеу бағытындағы жұмыстар жалғасады. Атаулы өзгерістер мемлекеттік билік құрылымынан бастап азамат пен мемлекеттік орган арасындағы күнделікті қарым-қатынасқа дейінгі көптеген саланы қамтиды. Сондықтан, реформалардың табысты болуы қоғамның сенімі мен азаматтардың белсенділігіне тікелей байланысты. Ғасырлар бойы елдің өндірістік тірегі саналған облыс осындай тарихи кезеңді де өзінің қалыптасқан жауапкершілігімен қарсы алып отыр. Шахталар мен металлургия кәсіпорындарының өңірі жаңа конституциялық дәуірге сеніммен қадам басты.

Халық Конституциясы – миллиондаған қазақстандықтың еркін білдіретін қоғамдық келісімнің көрінісі. 2026 жылғы 15 наурызда өз таңдауын жасаған жүздеген мың қарағандылық та осы тарихи шешімнің бір бөлшегіне айналды. Ал, 2026 жылғы 1 шілде Қазақстан тарихында елдің өз халқы қабылдаған Халық Конституциясымен өмір сүре бастаған күн ретінде мәңгілік сақталады.

– Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмыла білсек, біз кез келген белесті бағындырамыз, көздеген мақсатымыздың бәрін қол жеткіземіз. Қастерлі Тауелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз, Таза әрі Озық Қазақстанды құрамыз. Мен бұған кәміл сенемін! Осы жолда аянбай еңбек ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын! Қазақ елі мәңгі жасасын! – деп түйіндеді сөзін ел Президенті.

Суреттер akorda.kz сайтынан

## Жолаушылар жайлылығы басты назарда



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Өңірде теміржол инфрақұрылымын жаңғырту қарқын алды. Күрделі жөндеуден өткен алғашқы үш вокзал пайдалануға беріліп, тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз қызмет көрсетуге бағытталған жаңа кезең басталды. Бұл – өңірдегі 14 вокзал мен жолаушылар платформасын жаңарту жобасының алғашқы нәтижесі.

мен бала бөлмелері мен медициналық пункттер заманауи талапқа сай жабдықталды. Бұл жолаушылардың сапалы әрі жайлы қызмет алуына мүмкіндік береді.

Жанартылған нысандардың ішінде Қарағанды-Сұрыптау



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қайта жаңғырту жұмыстары нәтижесінде Нұра, Қарағанды-Сұрыптау және Жаңа Қарағанды станцияларындағы теміржол вокзалдары, сондай-ақ, Шет ауданындағы Айсәт станциясының жолаушылар платформасы толық пайдалануға берілді. Жоба «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының жаңғырту бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр.

Жөндеу барысында ғимараттардың сәулеттік келбеті жаңартылып қана қоймай, инженерлік жүйелер толық ауыстырылды. Ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін кедергісіз орта қалыптастырылып, ана

вокзалының орны ерекше. 1965 жылы бой көтерген ғимарат ұзақ жылдар бойы күрделі жөндеуді қажет етіп келген. Бүгінде станция арқылы тәулігіне жолаушылардың 21 пойызы қатынайды. Нысанның жаңартуы өңір тұрғындары үшін ғана емес, теміржол көлігімен қатынайтын мыңдаған жолаушы үшін маңызды оқиға.

Өңірдегі жаңғырту жұмыстары алдағы айларда да жалғасады. Жаз соңына дейін Балқаш-2, Мойынты, Ақадыр, Дәрия, Жарық, Мырза және Сарыбал станцияларындағы вокзалдар, сондай-ақ, Теміртау мен Сарышаған станцияларындағы жолаушылар платформалары толық жаңартылып, пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

## Әділетті қоғамның ақ жолы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Форумда құқықтық мемлекет қағидаларын нығайту мәселесі ерекше назарда болды. Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ерден Әріпов пен облыс прокуроры Мұрат Плувердиев сот жүйесінің тәуелсіздігі, заң үстемдігі және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау тетіктері жөнінде жан-жақты мазмұнды баяндамалар жасады.

Олар қазіргі кезеңде құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру, сот ашықтығын арттыру және азаматтардың әділетке қолжетімділігін кеңейту – құқықтық реформалардың басты бағыты екенін айтты.

Облыстық сот төрағасы Ерден Әріпов жаңа Конституция қағидаларын тиімді жүзеге асыруда сот билігіне ерекше жауапкершілік жүктелетінін атап өтті.

– Тәуелсіз әрі әділ сот қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының нақты қорғалуын қамтамасыз етіп, Конституцияның үстемдігін іс жүзінде жүзеге асыра алады. Осы тұрғыдан алғанда, сот жүйесінің кәсібилігін, ашықтығын және қоғамның сотқа деген сенімін нығайту – құқықтық мемлекет құрудың басты шарттарының бірі. Сондықтан сот төрелігін одан әрі жетілдіру конституциялық құндылықтарды орнықтыруға және заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды міндет болып қала береді, – деді Ерден Рауанұлы.

Жиында мемлекеттік басқару мен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа үлгілері кеңінен талқыланды. Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов «Халық Кеңесі» тетігінің қоғамдық қатынастарды жаңғыртудағы роліне тоқталып, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысу мәдениетінің артып келе жатқанын атап өтті.

– Конституциялық реформа



аясында құрылатын негізгі институттардың бірі – Халық Кеңесі мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалогты жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды кадам. Бұл кеңес этномәдени бірлестіктердің, азаматтық қоғам өкілдерінің және өңірлердің мүдделерін біріктіріп, қоғамдық маңызды бар бастамаларды талқылап қана қоймай, оларды нақты шешімдер деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Халық Кеңесі өңірлік ұсыныстарды жинақтап, оларды мемлекеттік саясатты қалыптастыру барысында ескеруге жағдай жасайтын тиімді тетік ретінде қызмет етеді, – деді Нұркен Сайфиддинұлы.

Қарағанды қалалық мәслихатының төрағасы Алтынтөре Бөкенов құқықтық мәдениетті қалыптастыру – тек мемлекеттік институттардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін айтты. Оның пікірінше, азаматтық

жауапкершілік күшеймейінше, құқықтық мемлекет толық қалыптаспайды.

Форумда «Қарағанды еврей мәдениеті орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Вилен Молотов-Лучанский сөз сөйлеп, жаңа Конституцияны қоғамдағы этносаралық келісім мен тұрақтылықтың негізгі іргетасы ретінде бағалады. Ол ел ішіндегі бірлік пен өзара құрмет қағидаты Қазақстанның ең басты жетістіктерінің бірі екенін атап өтті.

– Конституцияның преамбуласында айқын көрініс тапқан іргелі қағидалардың бірі – халықтың ынтымағы мен бірлігі. Бұл ұстаным өзінің маңызын ешқашан жоғалтпайды. Конституцияның бүкіл мазмұны қоғамдық келісім, топтасу және ұлттық бірлік рухына негізделген. Осы сабақтастық қағидаты алдағы уақытта да барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың қызметінде

сақталады. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның Халық Кеңесінің жұмысына да тікелей қатысты.

Бүгін біз еліміздің дамуындағы жаңа кезеңге қадам басып отырмыз. Жаңа Конституция күшіне енді, соған сәйкес мемлекеттік, саяси және қоғамдық басқарудың жаңа моделі қалыптасады. Осы уақытқа дейін өзінің тиімділігін дәлелдеген барлық қоғамдық институттар қызметін жалғастыра береді. Соның ішінде, өңіріміздегі этномәдени бірлестіктер де жұмысын тоқтатпайды. Ендігі жерде олардың қызметі облыстық Қоғамдық кеңестің жұмысына ықпалдастырылып, өзара үйлесімді жүргізіледі. Бұл өзара іс-қимылдың тәртібі Қоғамдық кеңестің арнайы регламентімен айқындалады. Өңірлік деңгейде әріптестігіміз бұрынғыдан да нығайып, бірлескен жұмысымыз әлдеқайда белсенді болатынына сенім мол, – деді облыстық еврей

мәдени орталығының төрағасы Вилен Молотов-Лучанский.

Облыс әкімінің гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі штаптан тыс кеңесшісі Айжан Қиясова өз сөзінде Конституцияның тек мемлекеттік құрылым емес, қоғамның рухани-әлеуметтік негізін де қалыптастыратынын атап өтті. Ол отбасылық құндылықтарды нығайту – елдің тұрақты дамуының басты кепілі екенін ерекше жеткізді.

– Конституцияның қағидалары ең алдымен отбасында өмірлік мазмұнға ие болады. Өйткені дәл отбасында жауапкершілік, өзара құрмет, әділдік және заңды сыйлау мәдениеті қалыптасады. Сондықтан, отбасы институтын нығайту – бұл тек әлеуметтік саясаттың бағыты емес. Бұл – құқықтық мемлекет қағидаларын нығайтудың, қоғамдық келісімді сақтаудың және еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты. Отбасылық құндылықтарды нығайту арқылы біз Конституцияның қағидаларын қоғамдық өмірде орнықтырып, жауапты қоғам мен Әділетті Қазақстанның берік негізін қалаймыз, – деді Айжан Қиясова.

Форум барысында қатысушылар конституциялық реформалардың негізгі бағыттарын жан-жақты талқылап, елдегі құқықтық мәдениеттің эволюциясына қатысты ашық пікір алмасты. Сарапшылардың бағалауынша, бұл жиын өңірлік деңгейдегі кездесу ғана емес, қоғамдық сананы жаңғыртуға ықпал ететін стратегиялық диалог алаңы болды.

Қатысушылар Конституцияның мемлекет дамуының ұзақмерзімді бағытын айқындайтын құжат ретіндегі ролін, заң үстемдігін күшейтудегі маңызын және азаматтық қоғамды дамытудағы ықпалын ерекше атап өтті.

Шара аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хаты оқылып, мемлекет басшысы-

ның атынан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпасев жаңа Конституцияның арнайы басылымын Нұркен Кобжанов, Рымбала Омарбекова, Серікжан Байбосынов бастаған бірқатар форум қатысушысына салтанатты түрде табыстады. Одан бөлек, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілхановтың атынан Вилен Молотов-Лучанскийге Алғыс хат беріліп, форумға белсенді қатысқан азаматтарға құрмет көрсетілді.

Форумды қорытындылаған Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпасев бүгінгі талқылаудың жан-жақты әрі мазмұнды өткенін атап өтті. Оның айтуынша, форум барысында жаңа Конституцияның мемлекет пен қоғам өміріндегі орны кеңінен сараланып, заң үстемдігі, азаматтық жауапкершілік, қоғамдық келісім және отбасы құндылықтары сияқты негізгі бағыттар бойынша маңызды пікірлер айтылды.

– Біз бүгін Ата Заңның қағидаларын әр қырынан талқылап, оның адам өміріндегі нақты көрінісін бірге сарапта салдық. Ендігі міндет – осы құндылықтарды күнделікті тәжірибеде жүйелі түрде іске асыру, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

«Заңға құрмет, әділдікке адалдық және қоғам алдындағы жауапкершілік – Әділетті Қазақстанның басты тірегі!», ұстанымын форум барысында ерекше мәнге ие болғанын айта кету керек.

Қарағандыда өткен бұл форум елдің құқықтық жүйесін жаңғырту жолындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде бағаланды. Ол мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтып қана қоймай, әділеттілік пен заң үстемдігіне негізделген жаңа қоғамдық келісімнің мазмұнын айқындаған іргелі пікір алаңы ретінде тарихта қалды.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Жылу жүйесі жаңғырады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді, елді мекендердің тыныс-тіршілігіне қажетті жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді Үкімет пен әкімдіктердің негізгі міндеті ретінде айқындаған болатын. Әсіресе, жылыту маусымы кезінде жыл сайын қайталанатын мәселелерден сабақ алып, энергия көздері мен инженерлік желілердің сенімділігін арттыру – бүгінгі күннің басты талабы. Осы міндет аясында Қарағанды облысында 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

**Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Маусымға дайындық жоспарға сай

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаевтың айтуынша, өткен 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымы өңірде штаттық режимде өткізілген. Энергия көздерінің, жергілікті жылу көздерінің және инженерлік желілердің жұмысында ірі ақаулар тіркелмеген. Маусым барысында туындаған мәселелер белгіленген тәртіппен шешіліп, апаттық жағдайлар мен олардың салдарын жою бойынша жедел шаралар қабилданған.

– Алдағы жылыту маусымына дайындық жоспарға сай жүргізілуде. Тұрғын үй қоры, әлеуметтік-мәдени нысандар мен инженерлік желілерді сапалы әрі уақытылы әзірлеу мақсатында өңір әкімдіктері мен кәсіпорындар тиісті іс-шаралар жоспарын бекітті. Биыл жөндеу науқанына барлық қаржыландыру көздері есебінен 179,7 млрд теңге бағыттау жоспарланған. Бұл былтырғымен салыстырғанда 31,6 пайызға көп. Қазіргі таңда облыс бойынша дайындық жұмыстарының орындалуы 35,5 пайызды құрайды. Бүгінге дейін 217 жергілікті жылу көзі, 469 шақырымнан астам инженерлік желі, 420 әлеуметтік-мәдени нысан және 2 120 көпқабатты тұрғын үй дайындықтан өтті, – деді Тілектес Темірбекұлы.

Өңірдегі жылыту маусымының тұрақты өтуі, ең алдымен, энергия көздерінің дайындығына байланысты. Облыстағы 7 энергия көзінде биыл 37 қазандық пен 27 турбинаны жөндеу жоспар-

ланған. Оның ішінде, 15 қазандық пен 6 турбина күрделі жөндеуден, 3 қазандық пен 3 турбина кеңейтілген орташа жөндеуден, 19 қазандық пен 18 турбина негізгі жөндеуден өтеді.

Қазіргі таңда бекітілген кестеге сәйкес 10 қазандық пен 7 турбинаның жөндеуі аяқталған. Тағы 12 қазандық пен 7 турбинада жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мамандардың айтуынша, негізгі жабдықтардың уақытылы жөндеуі қысқы жүктеме кезінде энергия көздерінің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.


## Жылулық сапасы – желінің сенімділігінде

Жылыту маусымына дайындықта жылу желілерінің жай-күйі де маңызды. Өйткені, энергия көзінде өндірілген жылудың тұтынушыға сапалы әрі үздіксіз жетуі желілердің техникалық жағдайына тікелей байланысты. Биыл бюджеттік қаржыландыру есебінен 8 жобаны іске асыру аясында 16,9 млрд теңгеге 31 шақырым жылу желілерін қайта жаңарту көзделді.

Бұл бағытта Теміртауда жылу желілеріне ерекше назар аударылуда. Құрыш қалада 2026-2028 жылдарға арналған жылу желілерін жөндеу бағдарламасы әзірленген.

Бағдарлама аясында жалпы ұзындығы 108,3 шақырым жылу желісін жаңғырту жоспарланды. Соның ішінде, биыл 27,1 шақырымнан астам жылу желісін қайта жаңарту жұмыстары жүріп жатыр.

Жалпы, облыста жылу желілерінің тозу деңгейі әлі де өзекті мәселе қатарында. Бұған дейін басқарма өкілдері ұсынған деректерге сүйенсек, өңірдегі жылу желілерінің жалпы ұзындығы 1 183,4 шақырымды құрай-



Қолыңыз аясапай Аліесе Рахымжан

**“ Былтырдан бастап, Теміртау және Қарағанды қалаларында облигациялық қарыздар есебінен жалпы сомасы 12,8 млрд теңгеге 4 пилоттық жоба іске асырыла бастаған. Соның ішінде, 1 жоба аяқталып, қаражат толық игерілген. Нәтижесінде 12,8 шақырым жылу желісі реконструкцияланды.**

ды. Ал, жылумен жабдықтау желілерінің тозу деңгейі 60,3 пайызға жеткен. Әсіресе, Теміртау, Қарағанды, Приозерек қалалары мен Абай ауданында бұл көрсеткіш жоғары. Сондықтан, жылу желілерін кезең-кезеңімен жаңғырту алдағы маусымның ғана емес, жалпы коммуналдық жүйенің сенімділігі үшін маңызды.

Коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары электр желілері бойынша да жүргізілуде. Жазғы дайындық науқаны аясында «Қарағанды Жарық», «КРЭК» және «ЖРЭК» өңірлік электр желілік компанияларының қызмет көрсету аймақтарында 3,7 мың шақырым электр беру желісін, 70 қосалқы станция мен орталық тарату пунктін, сондай-ақ, 760 трансформаторлық және тарату пунктін жөндеу жоспарланған. Бұл жұмыстарға 659,4 млн теңге қарастырылған.

– Бұдан бөлек, инвестициялық бағдарламалар аясында 91,44 шақырымнан астам электр желісін реконструкциялау, жаңғырту және күрделі құрылыс жұмыстары да жоспарда. Бұл мақсатқа 13 млрд теңгеден астам қаражат бағытталмақ. Электр желілерінің сенімділігі де жылыту маусымында маңызды рөл атқарады. Себебі, қазандықтар, сорғы станциялары мен өзге де инженерлік жабдықтардың үздіксіз жұмысы электрмен жабдықтау жүйесінің тұрақтылығына тәуелді. «Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында да бірқатар жұмыс қолға алынды. Былтырдан бастап, Теміртау және Қарағанды қалаларында облигациялық қарыздар есебінен жалпы сомасы 12,8 млрд теңгеге 4 пилоттық жоба іске асырыла бастаған. Соның ішінде, 1 жоба аяқталып, қаражат то-

лық игерілген. Нәтижесінде 12,8 шақырым жылу желісі реконструкцияланды, – деді басқарма басшысы.

Биыл жылумен жабдықтау саласында тағы 3 жаңа жобаны іске асыру басталды. Жобалардың жалпы құны – 24,8 млрд теңге. Бұл жұмыстар аясында 7 шақырым жылу желісін жаңарту көзделді. Қазіргі таңда барлық 3 жоба бойынша конкурстар өткізіліп, мердігерлер анықталған және шарттар жасалған.

## Дайындық хәм жауапкершілік

Жылу жүйесінің сенімділігін арттыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі – Қарағанды ЖЭО-3-ті кеңейту. Жаңа қуат көздерін енгізу облыс орталығында жылу тапшылығын болдырмау және алдағы жылдары өсетін тұтыну көлемін қамтамасыз ету үшін қажет. Жоба іске асқан жағдайда станцияның электр қуаты – 140 МВт-қа, жылу қуаты 180 Гкал/сағатқа артады. Бұл – Қарағанды қаласының жылумен жабдықтау жүйесіне қосымша резерв қалыптастырып, жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды жылумен қамтуға мүмкіндік береді.



ПРЕЗИДЕНТ  
ТАПСЫРМАСЫН  
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Сонымен қатар, өңірде газдандыру жұмыстары да жалғасуда. Бұл бағыт орталықтандырылған жылу жүйесін алмастыруды емес, ең алдымен, жеке сектордағы көмір тұтынуды азайту, тұрмыстық қолайлылықты арттыруды және экологиялық жүктемені төмендетуді көздейді. Ресми дерек бойынша, Қарағанды мен Теміртау қалаларында газ тарату желілері 16 мыңнан астам жеке тұрғын үйге жеткізілген. Қазіргі таңда газға қосылған абоненттер саны да кезең-кезеңімен артып келеді.

Қарағанды қаласында газдандырудың бірінші кезеңін аяқтау жоспарланған. Одан кейінгі кезеңде Пришахтинск, Майқұдық және Сұрыптау бекетін қамту ойда бар. Бұл жұмыстар жеке сектор тұрғындары үшін көмірге тәуелділікті азайтып, жылыту маусымындағы тұрмыстық жүктемені жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Жалпы, 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық бірнеше бағытта қатар жүргізілуде. Бір жағынан, энергия көздеріндегі негізгі жабдықтар жөнделсе, екінші жағынан, жылу және электр желілері жаңғыртылуда. Сонымен бірге, ұлттық жоба аясындағы инфрақұрылымдық жобалар мен газдандыру жұмыстары коммуналдық жүйенің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қысқа дайындықтың нақты нәтижесі жылыту маусымы басталғанда белгілі болады. Дегенмен, бүгінгі басты міндет айқын. Жоспарланған жөндеу және жаңғырту жұмыстарын мерзімінде әрі сапалы аяқтап, энергия көздерінен өндірілген жылуның әр үйге іркіліссіз жетуін қамтамасыз ету.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ

# Су қауіпсіздігінің маңызы зор

Суресурстарына деген сұраныс артып отырған жағдайда су шаруашылығын тиімді басқару өңірлердің тұрақты дамуы үшін маңызды міндеттердің біріне айналады. Қарағанды облысында бұл жауапты миссияны гидротехникалық құрылыстардың, су қоймалары мен суару жүйелерінің сенімді жұмысын қамтамасыз ететін «Қазушар» РМК Қарағанды филиалы атқарады.

Филиалдың қызметі су ресурстарын жинақтауға, реттеуге және ұтымды пайдалануға бағытталған. Кәсіпорын гидротехникалық құрылыстар арқылы жерүсті су ағынын реттеу қызметтерін көрсетеді және ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп қажеттіліктері үшін магистральдық арналары арқылы су жеткізуді қамтамасыз етеді.

Филиалдың теңгерімінде бес ірі су қоймасы бар: Самарканд, Ынтымақ, Жартас, Ащысу және Шоқай су қоймалары. Олар Бұқар жырау және Абай аудандарында, сондай-ақ, Теміртау қаласының маңында орналасқан. Барлық нысандар Қазақстан Республикасының стратегиялық маңызы бар объектілерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. Бұл олардың ел экономикасы мен қауіпсіздігі үшін ерекше маңызды екенін айқындайды.

Олардың ішінде көлемі 253,7 миллион текше метр болатын Самарканд су қоймасының орны ерекше. Ол ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді сумен қамтамасыз етіп қана қоймай, Теміртаудағы ірі өнеркәсіп кәсіпорындарына, оның ішінде, «Qatme» АҚ мен «Nova Novatis» ЖК-не (КарГРЭС-1) су жеткізудің маңызды көзі болып табылады.

Жыл сайын «Қазушар» РМК Қарағанды филиалы аграршыларға 60 миллион текше метрден астам су береді. Соның арқасында жалпы аумағы шамамен 17 мың гектар жер суарылады, бұл өсімдік шаруашылығының дамуына және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді.

Кәсіпорын гидротехникалық құрылыстар мен арналардың техникалық жай-күйіне ерекше көңіл бөледі. Жыл сайын ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту мен қалпына келтіруге бағытталған инвестициялық жобалар іске асырылады. Барлық жұмыстар қолданыстағы құрылыс нормалары мен заңнама



талаптарына қатаң сәйкес орындалады.

Бүгінде елдің су саласының алдында ауқымды міндеттер тұр. Қазақстан Республикасының 2024-2028 жылдарға арналған су саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспары аясында «Қазушар» РМК Қарағанды филиалы Су ресурстары және ирригация министрлігімен және Су шаруашылығы комитетімен бірлесіп, өңірдің суару жүйелерін қалпына келтіру жобаларын жүзеге асыруға қатысуда. Қазіргі уақытта Жаңағала, Тұзды, Баймырза, Қаражар және Самарка ауылдық округтеріндегі магистральдық арналарды қайта жаңғырту жобалары әзірленуде.

Цифрландыру үдерісі де назардан тыс қалған жоқ. Биылғы жылдың басынан бастап, Су ресурстары және ирригация министрлігі су арналары арқылы су беру қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шарттарды жасау рәсімін жеңілдететін «Биллинг» автоматтандырылған жүйесін енгізді.

Кәсіпорынның басты құндылығы – оның ұжымы. Бүгінде филиалда 121 маман еңбек етеді. Олардың кәсібилігі мен іске деген жауапкершілігінің арқасында өңірдің су шаруашылығы нысандарының сенімді жұмысы қамтамасыз етілуде.

Қызметкерлердің жоғары біліктілігі мемлекеттік және ведомстволық наградалармен расталады. 2025 жылы жетекші инженер-гидротехник Бағдат Маденова «Су шаруашылығының үздігі» төсбел-

гісімен марапатталып, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев табыстаған III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденіне ие болды. Гидротехникалық құрылыстарды қараушы Жазира Қантөреова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ал, Абай өндірістік учаскесінің бастығы Талғат Күшкенов су шаруашылығы саласын дамытуға қосқан үлесі үшін мемлекеттік наградаға ие болды.

Филиал болашақ мамандарды даярлауға да ерекше көңіл бөледі. Жастарды салаға тарту және су шаруашылығы мамандықтарының беделін арттыру мақсатында Теміртау кәсіптік-техникалық колледжімен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, суармалы егіншілікті дамыту және инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі міндеттерді дәйекті түрде жүзеге асыра отырып, «Қазушар» РМК Қарағанды филиалы Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға елеулі үлес қосып келеді.

**Мүслим АҚҚОЖИН,**  
**«Қазушар» ШЖҚ РМК**  
**Қарағанды филиалының директоры**

Сурет автордан

## СЕМИНАР

# Өзекті мәселелер назарда

Қарқаралының Мынжасар Әдеменов атындағы ауыл шаруашылығы колледжінде «Етті бағыттағы ауыл шаруашылығы малдарының әлеуетін арттырудың селекциялық-технологиялық негіздері және ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандырудың өзекті мәселелері» тақырыбында семинар өтті.

**Ермек БАЛТАШҰҰ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдегі мал шаруашылығын дамыту, асыл тұқымды мал басын сапасын арттыру, селекциялық жұмыстарды жетілдіру және қолдан ұрықтандыру технологияларын тиімді пайдалану мәселелерін талқылаған семинардың көзделген мақсаты үлкен, өңірдің болашағы үшін маңызды зор. Оны Қарқаралы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айдын Қасымов ашып, Айдын Жұмажанұлы Қарқаралының агроқұрылымдарында асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бойынша қолға алынған жұмыстар мен кедергілер туралы баяндады.

«Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-кі шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Темірхан Кенжебаев қой түлігін өсіріп, өнімділігі мен сапасын жақсартуда селекциялық жұмыстардың маңызына тоқталды. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Ертай Қожамажаров шаруашылық жағдайында ірі қара

малының ұдайы өндірісін тиімді ұйымдастыру жолдарымен танысын сапасын арттыру, селекциялық жұмыстарды жетілдіру және қолдан ұрықтандыру технологияларын тиімді пайдалану мәселелерін талқылаған семинардың көзделген мақсаты үлкен, өңірдің болашағы үшін маңызды зор. Оны Қарқаралы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айдын Қасымов ашып, Айдын Жұмажанұлы Қарқаралының агроқұрылымдарында асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бойынша қолға алынған жұмыстар мен кедергілер туралы баяндады.

«Асыл түлік» АҚ ғылым және селекция бөлімінің маманы Бауыржан Бошымов қолдан ұрықтандыру арқылы малдың тұқымдық қасиеттерін жақсарту және өнімділігін арттыру бағытындағы тәжірибелерімен бөлісті. Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының Қарағанды аумақтық өкілі, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Марат Базарбаев мал шаруашылығын дамыту стратегиялық бағыттары мен өзекті мәселелеріне тоқталды.

Семинар барысында аудандағы шаруа қожалықтарының жетекшілері, жиынға қатысушылар өзара пікір алмасып, өз істеріне қатысты сұрақтарын қойып, ауыл тұрғындарының негізгі табыс көзі – мал шаруашылығының ең өзекті мәселелерін талқылады. Іс-шара қорытындысында сала мамандары мен шаруашылық өкілдері ғылыми негізделген тәжірибелерді өндіріске енгізудің маңыздылығын атап өтті.

# Көне дәуірдің көмбесі

Абай ауданының аумағында бір ғана қорғанның бірнеше ғасырлармен бөлінген екі тарихи кезеңге тиесілі жерлеу орындары табылды. Көне дәуірдің құнды жәдігерлері Құлайғыр ауылы маңындағы Құлайғыр-1 қорымында жүргізілген зерттеу жұмыстары кезінде анықталды. Археологиялық зерттеулер Қарағанды облысының тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының тапсырысы негізінде жүзеге асырылды.



Сурет облыс әкімінің сайлауынан

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тарихи нысанның диаметрі шамамен – 10 метр, биіктігі 40 сантиметрге дейін жететін дөңгелек пішінді. Топырақтың үстіңгі қабаты алынғаннан кейін археологтар үш-төрт қатар болып қаланған тас такталардан құралған шеңберлі қоршауды тапты. Оның ішкі бөлігінде

тас үйіндісі орналасқан. Алайда, археологтар үшін басты жаңалық бұдан да терең қабаттан табылды. Тас үйіндісінің астынан олар орта қола дәуіріне жататын, біздің дәуірімізге дейінгі XVI-XVIII ғасырлармен мерзімделетін Нұра мәдениетінің көне жерлеу орнын анықтады. Жерлеу құрылысы тас циста түрінде жасалып, солтүстік-оңтүстік

бағытына қарай орналастырылған. Марқұмды жерлеу рәсімі кремация дәстүрі бойынша жүргізілген. Өртенген сүйек қалдықтары жерлеу камерасының оңтүстік бөлігінде табылды. Бір қорғанның ішінен біз ғасырлармен бөлінген екі түрлі тарихи кезеңге жататын жерлеу орындарын анықтадық. Марқұмды жерлеу ингумация дәстүрі бойынша орындалған: адам шалқасынан



ТАРИХИ МҰРА

жатқызылып, денесі солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытына қарай бағдарланған. Табылған жәдігерлер қатарында қола айна, белдік бөлшегі және адам сүйегі бар, – деді Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының басшысы Түлкібай Тілеуов. Археологтар қосымша табылған жәдігерлер арасынан Нұра мәдениетіне тән геометриялық өрнекпен безендірілген қыш ыдыстардың сынықтарын, қола қапсырманы және өрнектелген тағы бір ыдыстың бөлшектерін тапты.

Зерттеу жұмыстарының далалық кезеңі аяқталды. Енді табылған барлық артефактілер зертханалық сараптамаға жіберіледі. Археологтардың айтуынша, ғылыми зерттеулер ежелгі Орталық Қазақстан тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен жерлеу дәстүрлері туралы жаңа деректер алуға мүмкіндік береді.

## ТОҒЫЗҚУМАЛАК

# Елордадан жүлделі оралды

Елордада балалар мен жасөспірімдер арасында тоғызқумалақтан Қазақстанның XXV чемпионаты өтті. Ел біріншілігіне республиканың түпкір-түпкірінен 300-ге жуық жас спортшы қатысып, блиц, классика және рапид бағыты бойынша өзара мықтыны анықтады. Дүбірлі долада 30 спортшы облыс намысын қорғап, ел чемпионатын бір күміс және екі қола медальмен қорытындылады.



Жарыс регламентіне сәйкес әр спортшы тек бір ғана санат бойынша бақ сынауы шарт. Қатысушылар тоғыз ойын өткізіп, жеңісіне қарай ұпай жинады. Турнир Швейцария жүйесі бойынша ұйымдастырылған. 9 жасқа дейінгі ұлдар арасында блиц санатында өнер көрсеткен Арман Мейірхан күміс жүлдегер атанды. Ол Ұлттық және ат спорты түрлерінен «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Елена Каримованың жетекшілігімен екі жылдан бері шұғылданып келеді. Арман сыңа түскен санатта 59 спортшы өнер көрсеткен. Ол әр партияны 7 минут 2 секунд уақыт аралығында ойнап, тоғыз ойынның тек біреуінде ғана жеңіліп қалған.

Аталған чемпионатқа Ақадыр балалар-жасөспірімдер спорт мектебінен төрт спортшы жолдама алған. Солардың бірі – 13 жасқа дейінгі ұлдар арасында классика санатында бақ сынаған Нұрлан Нұрбек. Спортшы тоғыз кездесудің жетеуінде жеңіске жетіп, жарыс қорытындысы бойынша қола жүлдеге ие болды. Нұрлан Мойынты жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы. Өзі осы ауылда жаттығды. Ал, осындай байрақты бәсекелерге әкесі әрі жаттықтырушысы Нұртай Шапинов баптайды. Нұрлан тоғызқумалақпен 2019 жылдан бері айналысады. Оның қоржынында бұған дейін де ірі жетістіктері болған. Атап айтқанда, 2021 жылы Алматыда өткен жастар мен жасөспірімдер арасындағы ел чемпионатында 9 жасқа дейінгі ұлдар арасында рапид және блиц түрінен

қола жүлдегер атанған. Сол жылы оған «Спорт шеберлігіне үміткер» спорттық атағы берілді. №64 негізгі орта мектептің оқушысы Айзере Бәстемнің тоғызқумалақпен айналысып жүргеніне төрт жылға жуықтады. Қазіргі таңда ол Ұлттық және ат спорты түрлерінен «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде шеберлігін шыңдап жүр. Ел чемпионатында Айзере 11 жасқа дейінгі қыздар арасында классика санаты бойынша бақ сынаған. Бұл санатта 58 спортшы өзара мықтыны анықтаса, жерлесіміз тоғыз турдың жетеуінде жеңіске жетіп, ұпай айырмашылығымен қола жүлдені иеленді. Жас спортшының жетістігін арттыра жаттықтырушылары Ердоос Төлеген мен Нұрхат Тәжкеевтің жүйелі еңбегі жатыр. Қарсыластарымының барлығы да мықты. Әр партия өте тартысты өтті. Өкінішке қарай, соңғы турда Ақтөбе облысының спортшысынан жеңілдім. Ол тас айырмашылығымен басым түсіп, жеңіске жетті. Егер сол кездесуде жеңгенімде, ұпай айырмашылығымен чемпион атанар едім. Соңғы ойында қарсыласым алға шыққаннан кейін айырмашылықты қысқарта алмадым. Дегенмен, бұл менің республикалық деңгейдегі турнирге үшінші рет қатысуым. Алдағы уақытта тыңғылықты дайындалып, алтын медаль жеңіп алуды мақсат етіп отырмын, – деді Айзере Бәстен. **Өз тілшімізден Сурет жүлдегерлердің жеке мұрағатынан**

## САМБО

# Бәрекеелді, балуандар!

Филиппиннің Манила қаласында спорттық самбодан жасөспірімдер мен жастар және жауынгерлік самбодан ерлер мен әйелдер арасындағы Азия чемпионаты өтті. Оған 22 мемлекеттен 500-ге жуық спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Осы чемпионатқа облыс атынан үш спортшы қатысып, бір алтын және екі күміс медаль жеңіп алды.



**Ербол ЕРБОЛАТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Спорттық самбодан 80 келі салмақта өнер көрсеткен Мадина Ерман екі кездесу өткізіп, өз салмағының үздігі атанды. Ол алғашқы белдесуінде Түрікменстан, екіншісінде Қырғызстан балуанымен белдесіп, қарсыластарын қапы қалдырды. Жалпы, Мадина – спорттық самбодан үш дүркін Азия чемпионы. Өткен жылғы әлем чемпионаты-

ның қола жүлдегері. Әрі халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Осы жолы да үздік нәтиже тіркеп, ел мерейін үстем етті. +98 келі салмақта сыңға түскен Болат Сапар үш кездесу өт-

кізіп, күміс жүлдеге қол жеткізді. Алғашқы екі белдесуінде Моңғолия және Филиппин спортшысымен кездесіп, екі кездесуін де мерзімінен бұрын аяқтаған. Алайда, жартылай финалда Өзбекстан балуанына 4:6

есебімен есе жіберген. Болат – жастар және ересектер арасындағы Азия чемпионы. Сондай-ақ, ересектер арасында жағажай самбосынан әлем чемпионатының күміс және қола жүлдегері. Самбоға 10 жасында келген ол бүгінде үлкен белестерді бағындырып келеді. Ал, жауынгерлік самбодан 71 келіде бақ сынаған Ниетхан Тілеухан төрт белдесу өткізіп, нәтижесінде чемпионаттың күміс жүлдегері атанды. Ол алғашқы үш кездесуінде Филиппин, Корея және Қырғызстан спортшысымен белдесіп, қарсыластарынан айласын асырған. Ал, финалда Түрікменстан балуанымен кездесіп, 1:2 есебімен есе жіберді. Ниетхан – өткен жылғы жауынгерлік самбодан әлем чемпионы. Әрі халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Бүгінде аталған чемпионатта үздік өнер көрсетіп, тағы бір мәрте жүлдемен оралды. **Сурет жеңімпаздың жеке мұрағатынан**

## БОКС

# Балқашта бақ сынасты

Балқаш қаласында белгілі бапкер, бокстан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Тілеукерей Мақаналинді еске алуға арналған 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасындағы халықаралық бокс турнирі мәресіне жетті.



**Нұрдос КӘРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірнеше күнге созылған дүбірлі долада Қазақстанның әр өңірінен, сондай-ақ, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан келген жас балғары қолғап шеберлері шаршы алаңға шығып, өзара мықтыны анықтады. Турнир барысында спортшылар жоғары

техникалық шеберліктерін көрсетіп, тартысты әрі тартымды жекпе-жектер сыйлады. Финалдық кездесулердің қорытындысы бойынша қыздар арасында 52 келі салмақта өзбекстандық Нафиса Босимова, 54 келіде балқаштық Яна Лыгина, +80 келіде тағы бір жерлесіміз Жансая Шаншархан жеңімпаз атанды.

Ұлдар арасында 46 келіде қырғызстандық Әлинұр Бақтыбаев, 48 келіде балқаштық Ақжан Шүлембек, 50 келіде Абай облысының өкілі Нұрболат Болат, 52 келіде астаналық Олжас Нұрланұлы, 54 келіде шымкенттік Ұлан Серікбай, 57 келіде Әділет Ералы, 60 келіде Әділет Ғалиев, 63 келіде Солтүстік Қазақстан облысының спортшысы Илдар Ғайсин, 66 келіде Дәулетияр Талғат, 70 келіде өзбекстандық Абдурахмон Мұртазаев, 75 келіде Азизжан Қанат, 80 келіде Исқандар Абдуллаев және аса ауыр салмақта Әбілмансұр Қазбекұлы алтын медаль иеленді. Сонымен қатар, 46 келіде қырғызстандық Әлинұр Бақтыбаев «Үздік боксшы» атанса, Жетісу облысының жас боксшысы Нұралы Ырыскелді «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясымен, «Үздік төреші» номинациясымен Абай облысынан келген Қайрат Сахин марапатталды. Халықаралық турнирде Балқаш боксшылары да сәтті өнер көрсетіп, бірнеше алтын, күміс және қола медаль еншіледі. Бұл – өңірдегі бокс мектебінің әлеуеті жоғары екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. **БАЛҚАШ Сурет автордан**

## ГРАНТ

# Кәусардың керемет табысы

Қарқаралы ауданына қарасты Жарлы ауылы №10 жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы Кәусар Токтаубай IQanat әлеуметтік білім беру жобасының республикалық кезеңінде үздік нәтиже көрсетті. «IQanat High school of Bugabai» мектебінде білім алуға арналған гранттың иегері атанды.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Дарынды оқушы Кәусар Қанатханқызы керемет табысқа қол жеткізу жолында білім бәсекесінің аудандық, облыстық кезеңдерінен сәтті өтіп, республикалық кезеңде еліміздің әр өңірінен киналған мыңға жуық оқушы арасынан озып шықты. Бұл жетістік – талапкер жастың білімге құштарлығы мен табандылығының және жүйелі еңбегінің нәтижесі. Кәусардың болашақта бағындыратын биігі бұдан да жоғары болады деген үміт зор.



**Қарқаралы ауданы Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан**

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті  
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparaq» ЖШС  
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**  
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**  
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы **А.Ө. СОВЕТ**  
Жауапты хатшы **С.Б. ПИЯШ**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;  
**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
Материалдың жариялану ақысы төленген.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР000030163 күәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ұй.  
**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

QR code  
**Газет жеткізілмесе**  
41-26-82, 43-57-88  
телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК КСЗБЖКЗХ БИН 000840001412  
Таралымы 3 284  
№70 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.  
Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Ербол ЕРБОЛАТ**